

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының PhD докторанты Бейсенбаев Олжас Түсіпбекұлының «6D020900-Шығыстану» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы және «Белдеу мен жол» аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы» атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесші, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қытайтану кафедрасының доценті м.а., PhD А.Е. Сериккалиеваның

## ПІКІРІ

Бейсенбаев Олжас Түсіпбекұлының диссертациясы жоғары кәсіби сарапшылық деңгейде дайындалған зерттеу жұмысы деп санаймын. Ғылыми жұмыстың өзектілігі мен практикалық маңыздылығы қазіргі заманғы халықаралық жүйедегі күрделі трансформация процестері, жетекші державалар арасындағы баланстың өзгеруі және халықаралық аренадағы ҚХР жетекшілігінің қайта бағалануына тікелей байланысты болып отыр. Диссертация тақырыбы мамандық бағытына сәйкес келеді және толықтай аяқталған жұмыс ретінде қабылданады.

Соңғы жылдардағы халықаралық алаңдағы тұрақсыздық пен белгісіздік жағдайында аймақтық және жаһандық үдерістегі ҚХР белсенділігі жоғары деңгейімен ерекшеленеді. ҚХР-дың халықаралық ахуалға деген көзқарасы және ондағы аймақтық балансты сақтау әрекеті қытайлық бастамалар іске асырылып жатқан елдердің, сонымен қоса ірі державалардың арасында да әртүрлі бағаланып отыр.

Бұл диссертация жұмысы Қытай сыртқы саясатының тұжырымдамалық аспектілерін, позициясы мен қабылдануын мемлекеттік тілдегі академиялық зерттеу айналымына енгізеді. Ізденуші өз жұмысында позитивті-ресми контекстің шеңберінен шығып, мүмкіндігінше қытайлық, батыс, ресейлік және жергілікті зерттеулерді ескере отырып, «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырының» саяси қырларын объективті түрде қарастырады. Сондай-ақ бұл концепцияны ҚХР сыртқы саясатының стратегиялық, концептуалды және практикалық механизмінің құралы ретінде қарастырады.

Ұсынылған еңбекте автор «Белдеу мен жол» инициативасын идеялық, стратегиялық және іс жүзіндегі біртұтас ұғым ретінде талдайды. О.Т. Бейсенбаев бұл бастаманы мемлекеттің саяси және мәдени кодымен байланыстыратын идеологиялық негіздері арқылы ғана түсінуге болатынын анық көрсеткен. Сонымен бірге ізденуші бұл бастамаларды идеализациялау мен романтизациялаудан аулақ бола отырып, жұмысты жазу барысында ғылыми зерттеуді публицистикадан ерекшелейтін бейтарап ұстанымды сақтауға тырысқан.

Зерттеуші алдына қойған міндеттерді толық көлемде орындаған. Диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және практикалық мәні жоғары. Тақырыпты зерттеудегі қалыптасқан вакуумды толықтыру арқылы бұл жұмыс ҚХР-дың Еуразиядағы сыртқы саяси бастамаларын ғана емес,

жалпы осы елдің сыртқы саясатын талдау және болжау үшін алдағы уақытта қажетті зерттеу инструментарийлерін ұсынған. Диссертацияның материалдары мен нәтижелерін қытайтану, халықаралық қатынастар, әлемдік саясат және аймақтанудағы оқыту курстарын дайындау кезінде қолдануға болады.

Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары ізденушінің жарияланған 11 ғылыми мақаласында көрсетілген. Оның ішінде 1 мақаласы Scopus деректер базасына енгізілген басылымда, 3 мақаласы ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған ғылыми журнал тізіміне енгізілген басылымда, 1 мақала Ресейдің ғылыми дәйексөз индексіне енгізілген басылымда, 6 мақала конференция жинақтарда жарияланды.

Зерттеу нәтижелерін О.Т. Бейсенбаев 10 республикалық және халықаралық конференция, семинар, дөңгелек үстелдегі баяндама барысында ортаға салған, сонымен қатар 2020 жылдың 4 мамыр – 19 маусым аралығында Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігінің Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында ғылыми тағылымдамадан өтті. Диссертациялық жұмыстың бірқатар нәтижелерін автор еліміздегі strategy2050.kz, inform.kz порталдарында аналитикалық жазба ретінде шығарып, республикалық телеарналардың бағдарламаларында талқылады.

Диссертация жұмысын дайындау барысында ізденуші тақырыпты терең меңгеріп қана қоймай, қытайтану, халықаралық қатынастар және әлемдік саясатты кең түсінетін интеллектуал, өзіндік ойы бар тәуелсіз сарапшы екенін көрсетіп қана қоймай, зерттеулерде қалыпты көзқарастан тыс қабілетті ғалым ретінде жауапкершілік таныта білген.

Сонымен қатар, диссертациялық зерттеуді жазу уақытында О.Т. Бейсенбаев Назарбаев Университетінің Қытайды зерттеу орталығында зерттеуші-талдаушы болып қызмет атқарып, өз зерттеу бағытын қалыптастыруға талпыныс білдірді. Оның алдағы ғылыми-зерттеу жұмыстары қытайтану саласының дамуына, жалпы қазақстандық ғылымның сарапшылық деңгейін арттыруға септігін тигізері анық.

О.Т. Бейсенбаевтың «ҚХР сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы және «Белдеу мен жол» аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы» тақырыбындағы диссертация жұмысы логикалық тұрғыда құрылған, құрылымы жүйелі, ғылыми тұжырымдамасы, жаңа зерттеу құралдары, дәйекті тұжырымдары бар автордың дербес ғылыми жұмысы, оның жаңашылдығы мен өзектілігі күмән тудырмайды. Диссертациялық зерттеу «6D020900 – шығыстану» мамандығына сәйкес келеді және ашық қорғауға ұсынылады.

әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ қытайтану кафедрасының

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қытайтану кафедрасының  
доценті м.а., PhD кадрларды  
даярлау және аттестаттау бөлімшесінің басшысы

ЗАБЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Е. Кудайбергенова

Сериккалиева А.Е.